

Үлкен Нарын ауданы мәслихатының 2024 жылғы 5 шілдедегі № 4/22-VIII "Үлкен Нарын ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Үлкен Нарын аудандық мәслихатының 2025 жылғы 15 сәуірдегі № 11/126-VIII шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 22 сәуірде № 9190-16 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Үлкен Нарын аудандық мәслихатының 2025 жылғы 24 қазандағы № 16/172-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Үлкен Нарын аудандық мәслихатының 24.10.2025 № 16/172-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Үлкен Нарын ауданы мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Үлкен Нарын ауданы мәслихатының "Үлкен Нарын ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" 2024 жылғы 5 шілдедегі № 4/22-VIII (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9050-16 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 2 - қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

Ж. Сыдыкова

Үлкен Нарын ауданы мәслихатының
2025 жылғы 15 сәуірдегі
№ 11/126-VIII шешіміне
қосымша

Үлкен Нарын ауданы мәслихатының
2024 жылғы 5 шілдедегі
№4/22-VIII шешіміне
2-қосымша

Тұрғын үй сертификаттарын алушылар санаттарының тізбесі

Ұлы Отан соғысының ардагерлері.

Жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер.

Басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері.

Бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар.

Мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар.

Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін аурулар тізімінде аталған кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адамдар.

Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер.

Кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар жатады. Мұндай адамдардың жасы әскери қызметке шақырылған кезде мерзімді әскери қызметтен өту мерзіміне ұзартылады.

Қандастар.

Экологиялық зілзалалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар.

"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар.

Мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін орындау кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасылары.

Толық емес отбасылар.

Асырауында кәмелетке толмаған балалары және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын, бірақ жиырма үш жасқа толмаған балалары бар жесір әйелдер (тұл ер адамдар).